

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен сақтаудың 1994-1995 жылдарға және 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы туралы (негізгі ережелер)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 11 қазан 1994 ж. N 1149. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Шаруашылық жүргізу нысандарының сан алуандығы мен нарықтық қатынастарға көшу жағдайында жер реформасын тереңдету, жер ресурстарының ұтымды пайдалануы мен сақталуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстарын және ескертпелерін ескере отырып әзірлеген Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен сақтаудың 1994-1995 жылдарға және 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы (негізгі ережелер) мақұлданын.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, жергілікті атқару органдары Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін, оның жергілікті жерлердегі органдарын осы тұжырымдаманың негізгі ережелерін іске асыру жөнінде жан-жақты қолдап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі